

Жер қойнауын пайдалану операциялары бойынша қайтаруға жататын шығындарды енгізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 27 қаңтардағы N 110. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.03. N 93 қаулысымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Жер қойнауын пайдалану операциялары бойынша қайтаруға жататын шығындарды енгізу тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 27 қаңтардағы
N 110 қаулысымен
Бекітілген

Жер қойнауын пайдалану операциялары бойынша қайтаруға жататын шығындарды енгізу тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже Жер қойнауын пайдаланушыларға Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге жұмсаған шығындарын қайтаруға байланысты процедуралық мәселелерді реттейді.

2. Осы Ережеде қолданылған айқындаулар мен терминдер "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 Заң күші бар Жарлығында (бұдан әрі - "Жер қойнауы туралы" Жарлық) берілген мазмұнда пайдаланылды.

3. Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау және пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты барлық қалған жұмыстар Жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты есебінен ғана қаржыландырылады.

4. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу Республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

Мемлекеттік геологиялық зерделеу жөніндегі жұмыстарға мыналар ж а т қ ы з ы л а д ы :

геологиялық, геофизикалық, гидрогеологиялық 1:50000 және одан да ұсақ

масштабтың түсірілімдерін, жер сілкінісін болжау, гидрогеологиялық, геоэкологиялық 1:100000 және одан да ұсақ масштабты түсірілімдерді, жер қойнауын жалпы зерделеуге бағытталған басқа жұмыстарды қоса, аумақтық геологиялық-геофизикалық зерттеулер;

жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану мониторингін жасау және жүргізу ;

жалпы мемлекеттік сипаттағы ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, тақырыптық жұмыстар, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланудың нормативтік-құқықтық базасын құруға байланысты жұмыстар.

5. Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау жөніндегі нақты жұмыс түрлерінің тізбесі, қосымша жұмыстар мен шығындар, олардың көлемі мен құны жер қойнауын пайдалану мақсатына және пайдалы қазбалар кен орындарының ерекшеліктеріне, ғылыми-техникалық мүмкіндіктерге, Барлауға қойылатын талаптарға, жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарға сүйене отырып Жұмыс бағдарламасында айқындалады.

6. Сондай-ақ арнаулы жұмыстардың жекелеген түрлері (сызба-рәсімдеу, сараптама және басқалар) Барлау жөніндегі жұмыс кешенінің құрамдас бөлігі болып табылады және Жер қойнауын пайдаланушымен мердігерлік негізінде басқа, арнаулы геологиялық емес кәсіпорындардың күшімен құрылуы мүмкін. Осы жұмыстарды орындаудың қажеттілігі Контрактіге қоса берілетін Жұмыс бағдарламасына енгізіледі.

7. Контрактіге көзделген және Контракт аумағында жұмыстарды орындаған кезде Жер қойнауын пайдаланушы берген жанама шығындар, әкімшілік шығындар, атап айтқанда, басқару аппаратын ұстауға, құрылыс және офистерді ұстауға, өкілдік консультациялық, аудиторлық қызмет көрсетулерге жұмсалатын және Барлауға жұмсалатын жалпы шығын көлемінде көзделген басқа да шығындар Жұмыс бағдарламасында белгіленген мөлшерден аспауы керек.

8. Жер қойнауын пайдаланушының Барлауға жатқызылған шығыны Коммерциялық табулар болған жағдайда Коммерциялық табуды келесі пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес амортизациялық аударым түрінде қайтарылады.

9. Жер қойнауын пайдаланушының Барлауға жатқызылған шығынын Коммерциялық табулар болмаған жағдайда Қазақстан Республикасы қайтармайды .

10. Жер қойнауын пайдаланушының:

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі офистерді салуға және ұстауға ;

Құзыретті органдармен келісілген Жұмыс бағдарламасына енгізілмеген;
Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау

министрлігі жанындағы Қорлар жөніндегі мемлекеттік комиссия бұрын бекіткен кен орындарының пайдалы қазбалар қорларын қайта бағалау жөніндегі шығындары қайтаруға жатпайды.

11. Өндіру процесінде жұмсалған шығындар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қайтарылады.

12. Жер қойнауын пайдаланушылар жасаған шығындар Қазақстан Республикасында қабылданған бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес есепке алуда және есеп беруде көрсетіледі.

13. Қаржылық есеп берудің дұрыстығын растау қажет болған жағдайда тәуелсіз аудиторлар тартылады.

14. Жер қойнауын пайдаланушылар тапсырған қаржылық есеп берулердің мәліметтері мен тәуелсіз аудиторлар алған мәліметтердің арасында айырмашылық болған жағдайда тәуелсіз аудиторлардың нәтижелері қабылданады.